

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ**



**БАЛАБАҚШАЛАР ЖАНЫНДА «ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІН», «АНАЛАР
МЕКТЕБІН», «ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІН» ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ОРГАНИЗАЦИИ «ШКОЛЫ БАБУШЕК», «ШКОЛЫ МАТЕРЕЙ»,
«ШКОЛЫ ОТЦОВ» ПРИ ДЕТСКИХ САДАХ**

Астана, 2024

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024. – 33 бет.

Пікір жазғандар:
Абдыкадыров А. А., п.ғ.к.;
Бакитова М. Б., меңгеруші;
Сомшина А. А., әдіскер.

Әдістемелік ұсынымдарда Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру бойынша материал берілген.

Аталған әдістемелік материал мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 23 сәуірдегі №3 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты», 2024 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Педагогтің кәсіптік қызметінің маңызды аспектілерінің бірі- тәрбиеленушінің ата-анасымен (заңды өкілдерімен) белсенді өзара қарым-қатынас жасау.

Білім беруді жаңғырту тәрбиеленушілердің отбасымен жұмыс жүйесін қайта қарауды талап етеді. Бұл ең алдымен қоғамның талаптарымен және қоғамда болып жатқан өзгерістермен байланысты. Екінші жағынан, бұл қазіргі кезде отбасының ерекшелігін, оның құндылықтары мен бағыттарын көрсетеді.

Отбасы-баланың алғашқы түсініктерін, дағдыларын қалыптастыратын орта. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттерінің маңызы зор. Бүгінгі күні ата-аналардың, ата-әжелердің күні бойы жұмыста болуына және ата-әжелердің жас отбасыларынан бөлек ауылда тұруына байланысты мектеп жасына дейінгі балалардың ата-әже тәрбиесін жеткілікті алмауын немесе отбасында аналардың ғана бала тәрбиесімен айналысып, әкелердің тәрбие мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлмеуін ескере отырып, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, ата-аналар мектебінің жұмысын жандандыру қажеттігі туындап отыр.

«Алып анадан туады», - дейді қазақ. Абай, Шоқандай ұлы тұлғалардың болашаққа өшпестей із қалдырып білімді, дана, ағартушы, ғалым, болып қалыптасуына, өсуіне жастайынан бойына сіңірген Ұлжандай, Зейнептей аналардың, Айғанымдай, Зередей әжелердің берген тәлімі мен тәрбиесі зор маңызға ие болған.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру қажет. Демек, баламен жұмысты ата-аналарымен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Барлық ерекшеліктерді: элеуметтік жағдайды, отбасы тарихын, елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен тәрбиелеу-білім беру процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйым ұжымының басты міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Жаңа нормативтік-мазмұндық тәсілдерді іске асыру жағдайында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың алдына ашықтықты, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды көздейтін нысаналы бағдарлар қойылады. Білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер оқу-тәрбиелеу процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процесіне ата-аналарды тарту мәселесі мынадай бағыттарда шешіледі:

- 1) ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- 2) ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде (ҚРҰ 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген): «балаларды ерте жастан дамытуда ұлттық құндылықтарды заманауи теорияларымен үйлестіру, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде

баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру, отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейту» қажеттілігі нақты айтылған [1].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің алдына балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін:

- әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;
- өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;
- балалардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін педагогтерді даярлау көзделеді[1].

Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен ынтымақтастықта әрекет етуі баланың тұлғалық қасиеттерін дамытуда ықпалы зор. Осы мақсатта балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыруда мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне әдістемелік қолдау көрсету.

міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасында ынтымақтастық орнату арқылы тәрбиеленушілерді ұлттық құндылықтарға, отбасылық құндылықтарға баулу;
- отбасында және МДҰ-да тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің бірізділігін қамтамасыз ету, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту;
- баланы тәрбиелеу, дамыту мәселелері бойынша отбасына көмек көрсету;
- ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлер арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне тең құқылы және жауапты серіктестер ретінде тарту;

Мектепке дейінгі ұйымдар отбасымен тығыз байланыс орната отырып, тәрбиелеу – білім беру процесін ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарға негіздеп, балаға жайлы жағдайлар жасауы қажет. Бұл баланың бойында қажетті дағдылардың қалыптасуына, олардың дербес әрекет етуіне, еркіндікті сезінуіне ықпал етеді. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасы арасында әріптестік қарым-қатынас орнату мақсатында балабақшалар жанында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» ұйымдастырылуда.

БАЛАБАҚШАЛАР ЖАНЫНДА «ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІН» «АНАЛАР МЕКТЕБІН», «ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІН» ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебінің» қызметі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, оларды мәдени - әлеуметтік нормаларға баулуға, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіруге бағытталады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «Әжелер мектебін» «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» құру қағидалары:

- еріктілік (мектептерге мүше болатын ата-аналарға ерікті түрде қатысуға мүмкіндік беру);
- қызығушылық және қатысуға деген ұмтылыс;
- өзара ынтымақтастық;
- сабақтастық, жүйелілік.

МДҰ жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» құру кезеңдері

Мектепке дейінгі ұйымдарда «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру үшін әр МДҰ өзінің жылдық жоспарын негізге алады.

Тәрбиеленушілердің отбасыларының ерекшеліктерін, аға буынмен қарым-қатынас сипатын, ата-аналар мен әжелердің бала тәрбиесімен айналысуын зерделеу.

Аталған мектептерді ұйымдастыру үшін мектепке дейінгі ұйым педагогіне әжелерді, аналар мен әкелерді бір ұжымға біріктіріп, ортаға тарту, ерікті түрде мүшелерді таңдау ұсынылады.

Педагогке мектептердің қызметін ұйымдастыруда әжелер мен аталар, аналар мен әкелер арасында сауалнамалар жүргізіп, олардың пікірлерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне сәйкес ұлттық құндылықтарды негіздеу және әжелердің, аналар мен әкелердің мүмкіндіктерін, балабақшаның жылдық жоспарын ескеріп, «Әжелер мектебінің», «Аналар мектебінің», «Әкелер мектебінің» мақсаты мен міндеттерін құру ұсынылады.

Мектептердің мақсаты мен міндеттері айқындалғаннан кейін мектептердің жұмыс бағыттары, нысандары ұйымдастырылады. «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебінің» қызметін МДҰ-да өткізілетін іс-шаралармен байланыстырып, жас топтарының тәрбиелеу - білім беру процесімен кіріктіру ұсынылады.

Балабақшада ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың нысандары олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталады.

«Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру нысандары: консультациялар; сұхбаттасу; пікірталастар; семинар-практикумдар; шеберлік сыныптары; шығармашылық шеберханалар; дөңгелек үстелдер; ашық есік күндері; спорттық сайыстар; отбасылық тәрбие бойынша тәжірибе алмасу; көрмелер ұйымдастыру; қойылымдарға, спектакльдерге, мерекелерге, концерттерге, викториналарға, экскурсияларға қатысу; ұлттық ойындар сайысын өткізу ұсынылады.

«Әжелер мектебіне», «Әкелер мектебіне», «Аналар мектебіне» арнап арнайы орын немесе кабинет жасақтауға болады. Мұны балалар ішіне ойнап отыруға ыңғайлы, қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, музыкалық аспаптарымен, әшекей бұйымдарымен, ұлттық киімдерімен және балалармен бірге жасаған қолөнер бұйымдарымен жабдықтау. Сонымен бірге осы жерде балалардың түрлі әрекеттерін, сондай-ақ осы мектептердің жұмыстарын және басқа да шараларды ұйымдастыруға болады.

БАЛАБАҚШАЛАР ЖАНЫНДА «ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІН», «АНАЛАР МЕКТЕБІН» ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Мақсаты: қоғам мен отбасының өзара ықпалдастығының жаңа нысандарын дамыту, мектепке дейінгі ұйымның әлеуметтік мәртебесі мен рөлін арттыру.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымның қызметіне әжелер мен аналарды белсенді қатысуға тарту;
- баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйымға көмек көрсету;
- отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау;
- педагогикалық тәжірибе алмасу, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу;
- отбасында және МДҰ-да тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің бірізділігін қамтамасыз ету, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту;
- аға буынға құрмет көрсету.

Мектептердің қатысушылары:

әжелер мен аналар, МДҰ педагогтері

Жұмыстың қағидалары:

еріктілік, педагогикалық әдепті сақтау.

Жұмыстың негізі бағыттары:

Отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау; мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; қоғамдық-отбасылық өзара қарым-қатынастың жаңа нысандарын дамыту; тәрбие функцияларын орындауда отбасына көмек көрсету; педагогикалық білімді кеңейту; педагогикалық, өмірлік тәжірибе алмасу, ұлттық, отбасылық дәстүрлерді жинақтау және насихаттау.

МДҰ жанында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебін» құру кезеңдері.

1 кезең: тәрбиеленушілердің отбасыларының ерекшеліктерін, аға буынмен қарым-қатынас сипатын, аналар мен әжелердің бала тәрбиесімен айналысуын зерделеу (1, 2, 3 - қосымшалар).

2 кезең: мектептердің мүшелерімен, әжелер мен аналардың қатысуымен жоспарлы кездесулер ұйымдастыру және өткізу.

Жұмыстың негізгі нысандары: консультациялар, әңгімелесу, пікірталас, семинар-практикум, шеберлік-сыныптары, дөңгелек үстел, тәжірибе алмасу, бейнероликтерді қарау, шығармашылық шеберханалар, қойылымдарға, мерекелерге, концерттерге, викториналарға, экскурсияларға қатысу, көрмелер, сайыстар ұйымдастыру.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қолөнерге деген қызығушылықтарын арттыру, қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған бұйымдарды таныстырып, түрлі тұрмыстық, зергерлік заттарды балалар анасымен, әжесімен бірге жасау (жапсыру, мүсіндеу, тоқу, өру).

Аналар мен әжелерді ертеңгіліктерде, түрлі іс-шараларда сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеуге (кейіпкерлердің костюмдерін, атрибуттарды дайындау, тосын сәттерді әзірлеу және т.б.) тартуға болады.

Балабақшада дәстүрден тыс сурет салу көрмесін ұйымдастыру. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту, сурет салудың дәстүрден тыс техникасын қолдану негізінде аналар мен әжелерді балаларымен (немерелерімен) бірге ортақ жұмысқа тартуды ұсыну.

Кітап бұрышы мен мобильді кітапхананы кітаптармен толықтыруға ата-аналарды ұйымдастыру.

Әжелер мен аналарды көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде тақырып бойынша балаларға әңгімелер мен ертегілерді баяндап беруге шақыру.

Ересек, мектепалды топ балаларының ата-аналарымен, әжелерімен бірге мәнерлеп өлең оқу сайыстарын өткізу.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер бөлімдерінде мақал-мәтелдер айту, жұмбақтар жасыру кезеңінде аналар мен әжелердің аудио немесе видео жазбасын қолдануды ұсыну.

Ата-аналарды тәрбиелеу - білім беру процесіне тарту және «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстарын жандандыру үшін балабақшада және үйде жұмсақ төсеніштерді, көрпешелерді әжелермен бірге ықпалдастықта дайындау ұсынылады. Жұмсақ төсеніштер мен көрпешелерді қазақтың ою-өрнектерімен безендіруге қыздарды тартуға болады, яғни оларды қолөнерге баулу, сондай-ақ қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін оюларды қиюды, орналастыруды ұсыну.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «Әжелер мектебін», «Аналар мектебінің», қызметін ұйымдастыру үшін, төмендегі сілтемелер ұсынылады.

Алаша тұрмыстық бұйымның, құрақ көрпенің жасалу жолын балаларға әжелер көрсетеді. Осындай жұмыстарды бірге орындауда әжелер өнегелі әңгімелерді, ертегілерді айта отырып, балаларда ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастырады, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертіп, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

<https://youtu.be/TyzA9CBwhn8?si=i24721YXDLHyi-CI>

<https://youtu.be/Qy2NI-WfKx4?si=fIIkaDg7TnrJFvtL>

Аналар, әжелер қазақ халқының ұлттық тағамдарының жасалу жолымен балаларды таныстырып, танымдық білімдерін жетілдіреді. Балалар сөздік қорларын тары, талқан, бидай, жент, диірмен сөздерімен толықтырады. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.

https://youtu.be/AsCXoOFBqkQ?si=jg_0W7epQQCfmwVG

https://www.youtube.com/watch?v=hwC9C_tL_rE

<https://youtu.be/d5gIIMYVf80?si=i4sAb4kBsDuTz0No>

Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстырып олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізіп және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.

<https://youtu.be/h0NcX0xf5tU?si=T1DYBiKAU0QrO5pF>

<https://youtu.be/-IxW1D4ieAI?si=StX7YCnyZV24bjTJ>

Тәрбиеленушілерді әжелер, аналар қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.

https://youtu.be/bs_CRraWNdo?si=aOugviJ3xmBcmZd2

<https://youtu.be/ZacN5Et6joU?si=WQsf48UB-lqh9UBm>

<https://www.youtube.com/watch?v=TD7Lu2t1C3o>

Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Әжелер, аналар киіз басуды балабақшада қыздарға көрсетіп, үйрету арқылы оларды қол өнерге баулуға болады. Киізден, табиғи материал жүннен түрлі тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар жасаумен қатар оған оюлап, өрнек салуды, сәндік бұйымдар жасауды ұсыну. Киіз басу (қойдың жүнін жуып, кептіру, сабап, қылшығын алып, түту) әдістерін және жүн мен жіпті түрлі түстерге бояп, киізге өрнектер салу, түстерді бір-бірімен үйлестіруді дамыту.

https://youtu.be/UmGdLk_U-vw?si=KkqH4MFI7ZEk0Cvi

<https://youtu.be/fyePWparwhY?si=dF4ztLPx7VJjEpAV>

<https://youtu.be/lx4n5SnZ8M4?si=IqX8Dim0xKYdalx3>

Текеметті дайындау барысында оюларды орналастыруды қыздарға орындатуда негізгі түстерді дұрыс атауға, кеңістікте дұрыс бағдарлауды үйрету. Әжелер мен аналар шидің не үшін қажет екенін түсіндіре отырып, оның түрлері туралы айтып, оның қалай тоқылатын көрсетіп, қыздармен бірге тоқып балаларды ұлттық өнерге баулиды. Аналарға қыздарымен бірге бауырсақ және басқа да нан түрлерін (тоқаш, бәліш, пицца және т.б.) пісіру ұсынылады. Ұлттық тағамдардың бірі - құртты жасауды көрсету, құртты алақанға салып, домалату арқылы балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға болады. Өзірлеген тағамдарымен шәй ішіп отырып ән айту, әңгімелесу, яғни осындай әрекеттер арқылы анасы қызын үй шаруасына, тазалық пен ұқыптылыққа баулиды.

<https://youtu.be/kHI-09lpxA8?si=SoUIWNwQ17vCl9Qv>

<https://youtu.be/ScOqlAJ4EtM?si=fFqXEiTyEE13BFfP>

<https://youtu.be/ZKpflyOYEK8?feature=shared>

Мектепке дейінгі ұйымдарда құрылған «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» ұйымдастырған жұмыстарын келесі сілтемеден көруге болады.

<https://www.facebook.com/share/v/Pg3XJ9NQmFvbiTFf/?mibextid=qi2Omg>

<https://www.facebook.com/share/v/d3sdPauBnucArsNx/?mibextid=qi2Omg>

<https://www.facebook.com/share/p/mScVQqnPxtjPje2P/?mibextid=qi2Om>

БАЛАБАҚШАЛАР ЖАНЫНДА «ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІН» ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Мақсаты: баланы тәрбиелеу мен дамыту мәселелеріне әкелерді тарту, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының күш - жігерін біріктіру.

Міндеттері:

-әкенің беделін көтеру және оның отбасында балаларды тәрбиелеуде ықпалын арттыру;

-балаларды жан-жақты дамыту процесінде әкелер мен педагогтердің өзара әрекетін ықпалдастыру;

-әкелерді балалармен бірге түрлі әрекеттерді ұйымдастыруға және бірлесіп өткізуге тарту;

- балалар мен әкелер арасында оң қарым-қатынас қалыптастыру;

-балаларды тәрбиелеуде әкелерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

-ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық мәдениетін арттыру;

-отбасы мүшелерін өзара келісуге және оларды басқа әлеуметтік салаларда қолдана білуге үйрету;

Мектептің қатысушылары:

әкелер, МДҰ педагогтері.

Жұмыс қағидалары:

еріктілік, педагогикалық әдепті сақтау.

Жұмыстың негізгі бағыттары: отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау; мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; қоғамдық-отбасылық өзара қарым-қатынастың жаңа нысандарын дамыту; тәрбие функцияларын орындауда отбасына көмек көрсету; педагогикалық білімді кеңейту; педагогикалық, өмірлік тәжірибе алмасу, ұлттық, отбасылық дәстүрлерді жинақтау және насихаттау.

МДҰ жанында «Әкелер мектебін» құру кезеңдері.

1 кезең: тәрбиеленушілердің отбасыларының ерекшеліктерін, әкемен қарым-қатынас сипатын, әкелердің бала тәрбиесімен айналысу деңгейін зерделеу

(1-қосымша).

2 кезең: мектеп мүшелері мен әкелердің қатысуымен жоспарлы кездесулер ұйымдастыру және өткізу.

Жұмыстың негізгі нысандары:

әңгімелесу, консультациялар, пікірталас, семинар-практикум, шеберлік-сынып, дөңгелек үстел, шығармашылық шеберханалар, экскурсияларға қатысу, көрмелер, сайыстар, отбасылық тәрбие бойынша тәжірибе алмасу, балабақшаның қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыру.

Әкелерді балабақша ішіндегі қоғамдық жұмыстарға тартуға болады: қыс мезгілінде ауланы қардан тазарту және қардан түрлі бейнелер тұрғызу арқылы баларды таныс мамандық иелеріне құрметпен қарауға, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуға баулу. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.

Күз мезгілінде құстарға қамқорлық жасау мақсатында әкелер ұлдарымен бірге ұялар жасап, оны ағаштардың басына орнатып ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.

Әкелерді жаз мезгілінде аулаға құм тасу, ағаштар отырғызу, заттық-дамытушы ортаға қажетті құрал-жабдықтарды әзірлеу, топтағы жиһаздарды жөндеуге тарту. Бұл әрекеттерді балалардың әкесімен бірге іске асыру арқылы олардың бойында табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімді дамытып, өсімдіктерді күтіп-баптауды, әкесіне деген мақтаныш сезімін оятып, шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға ынталандыру.

Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында, әкелерді денешынықтыру маманымен бірге балалар мен ата-аналармен бірлескен спорттық, ұлттық сайыстарды ұйымдастырушы ретінде тартуға болады.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қолөнерге деген қызығушылықтарын арттыру, қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған

бұйымдарды таныстырып, түрлі тұрмыстық, зергерлік заттарды балалар әкесімен бірге, жапсыру, мүсіндеу ұйымдастырылыған іс-әрекеттерінде жасауды ұсыну.

Серуен барысында балалармен қимылды ойындар ойнатуға әкелерді тару. Қимылды ойындар бала денсаулығын нығайтумен қатар ата-аналарға баланың қабілеттерін білуге көмектеседі, ересектер мен балаларға бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «Әкелер мектебінің» қызметін ұйымдастыру үшін төмендегі сілтемелер ұсынылады.

Әкелер баласымен бірге бесік жасай отырып, оның бөліктерімен таныстыру арқылы бесіктің маңызы туралы түсінік береді және баланың қолөнерге деген қызығушылығын арттырады. Ұлдарға тері илеуді, иленген теріден қамшы өруді көрсете отырып, қамшының атқа отырғанда қажет екенін түсіндіреді.

<https://youtu.be/MLdAIJvbF2Y?si=ZFido6jwH3ZPd8UJ>

<https://youtu.be/NDjndbgbdWU>

<https://www.youtube.com/watch?v=N-mcw8z1cGw>

Сазбалшықтан құмыра (түрлі мүсіндер) жасау арқылы, саз балшықты қолмен илеуде балада қолдың сүйектері қатайып, қолдың ұсақ моторикасы дамиды. Осы іспен айналысу барысында, әкесі (атасы) баласына оның жасалу техникасын айтып, баланың есте сақтауын және сөйлеуін дамытып, қолөнерге қызығушылығын арттырады.

<https://www.youtube.com/embed/DJCGNz2nkNg>

<https://youtu.be/8BbdShagSKk?si=3fmHhw9yCCbvyRZ5> |

Әкесі баласына домбыра жасап беріп қана қоймай, өзі оны шерте біліп балаларға қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.

https://youtube.com/watch?v=CGGnrNT_d7I&feature=shared

Қазақ халқының түрлі тұрмыстық заттарын ағаштан жасау өнеріне мән беріп, оларды жасауға балаларды тарту, қалауы бойынша дайын заттарды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіруді ұсынып баллардың эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту.

https://youtu.be/qTN9tZfy6kE?si=0cb-S_6OatBrQv65

Қалдық (қағаз, жіп, былғары) материалдармен, ұлттық нақыштағы бұйымдармен жұмыс жасау кезінде баланың әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіруге, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білуге үйрету.

<https://youtu.be/VD0UyDBcPCI?si=8Xw1qyD35YC1uyX9>

Мектепке дейінгі ұйымдарда құрылған «Әкелер мектебі» ұйымдастырған жұмыстарын келесі сілтемеден көруге болады.

<https://www.facebook.com/share/p/bGV7vkTGeVU75Xpr/?mibextid=qj2Omg>

<https://www.facebook.com/share/v/Ub1mppEsukGLNhkM/?mibextid=qj2Omg>

<https://www.facebook.com/share/p/mScVQqnPxtjPje2P/?mibextid=qj2O>

ҚОРЫТЫНДЫ

Жан-жақты жетілген, бойында ұлттық құндылықтар, сана-сезімі қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті.

«Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы», - деп Әл Фараби айтқандай, алдымен балаларға үлгілі тәрбие бере отырып, заман талабына сай қалыптасуына ықпал ету қажет. Әрине, тәрбиенің алғашқы бастамасын бала отбасында алады, ал ата-ана мен педагог алдында тұрған міндет ортақ болғандықтан, олардың арасындағы байланыс неғұрлым берік болған сайын тәрбие нәтижесі де соғұрлым табысты болады. Ата-ана бала бойында адамгершілік, әдептілік, мейірімділік қасиеттерін қалыптастырушы, шығармашылық, еңбекқорлық, физикалық қабілеттерін дамытушы алғашқы ұстаз болып табылады. Әрбір отбасы қоғамның бір бөлігі болып табылатындықтан, бала тәрбиесіндегі жауапкершілік балабақшамен бірдей болуы тиіс. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйым, отбасы тәрбиесіндегі өзіндік ерекшелігін ескеріп, балабақша мен отбасындағы тәрбие жұмысының бірлігін арттыруға бағытталған мектептер қызметтерін жандандыруды қолға алуда.

Әр отбасында дүниеге келген сәби ата-анасының ғана емес, туған елінің ертеңгі арқа сүйер азаматы, төл ұлтының туын көтерер перзенті. Отбасында ата мен әженің тәрбиесін үлгі - өнегесін көріп, өскен бала қай кезде де рухани дүниесі бай, көргенді, көпшіл болып өседі. Мейірім мен адалдық та, үлкенге деген құрмет те ата мен әженің тәрбиесін көрген ұл мен қыздың бойынан табылады. Әже өнегесі – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі. Әже тәрбиесі арқылы бала жақсы мен жаманды ажыратып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйренеді. Әдетте әже тәрбиесін алған баланы жұрт «тәрбиелі бала», «көргенді бала» деп баға беріп жатады. Өйткені әженің мейірімі мен шапағатына бөлене отырып балада жағымды мінез-құлық қалыптасады, жалпы рухани тәрбие алады, сонымен қатар елгезек, үй шаруасына бейім, мейірімді, адал болып өседі.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы өзара байланысты нығайтуға, отбасылық дәстүрлерді сақтауға, тәрбие беру әлеуетін күшейтуге бағытталуы қажет. Балабақша мен отбасы арасындағы педагогикалық өзара байланыстың табыстылығы, көбіне тәрбиешінің өз қызметінде қаншалықты ата-аналардың қызығушылығын тудыратын және заманауи мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне белсене қатысуға жағдай жасайтындай ата - аналармен жұмыс түрлерін қолдануына байланысты.

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

1. Балаңызды тәрбиелеуде әжелерінің үлесі бар ма?

- а) баламның тәрбиесімен тек әжелері айналысады;
- ә) мен елеспей-ескермейтін кеңестер береді;
- б) мен үшін пайдалы кеңестер береді;
- в) олардың айтқандарын орындаймын;
- г) әжелер тәрбие мәселесіне мүлдем араласпайды;
- ғ) әжелер менің ұсыныстарымды орындайды.

Басқа _____

2. Балаңыз әжелерімен жиі араласа ма?

- а) бір әжесі бізбен бірге тұрады, екінші әжесі демалыс күндері келеді;
- ә) әжесінің біреуі баланы қарайды, екіншісі кейде қонаққа келеді;
- б) әжелер кезекпен баламды қарайды;
- в) әжелерімен айына бір рет кездеседі;
- г) әжелерімен сирек кездеседі;
- ғ) әжелерімен араласпайды.

Басқа _____

3. Баланыңыздың тәрбиесіне қатысты әжелерімен дау-дамайлар орын алған жағдайлар болды ма?

- а) үнемі;
- ә) сирек, тек жеке ұстанымдарым бойынша;
- б) жоқ, ешқашан

Басқа _____

4. Әжелердің баланы өзінің қалауы бойынша тәрбиелеуін қалай қабылдайсыз?

- а) баламен қарым-қатынас жасауын шектеймін;
- ә) мұндай жағдай орын алмау үшін әңгімелесемін;
- б) әрқашан өз пікірімді айтамын;
- в) қарсы келмеймін, себебі бізде келіспеушілік жоқ;
- г) қарсы келмеймін, өйткені әжесі өзінің қалауынан бас тартпайды;
- ғ) әжелер немерелерін еркелетуі керек.

ӘЖЕЛЕР МЕН АТАЛАРҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

1. Немерелеріңізді тәрбиелеуге үлесіңізді қосасыз ба?

- а) тек мен ғана баланың тәрбиесімен айналысамын;
- б) ата-анасына олар елеп-ескермейтін кеңестер беремін;
- в) ата-анасына олар мақұлдайтын кеңестер беремін;
- г) ата-анасының айтқанының барлығын орындаймын;
- д) тәрбие мәселесіне мүлдем араласпаймын;
- е) немеремнің ата-анасы толықтай менің ұсыныстарымды орындайды.

Басқа _____

2. Сіз немерелеріңізбен қаншалықты жиі араласасыз?

- а) үнемі, өйткені біз бірге тұрамыз;
- ә) мен кейде қонаққа келемін;
- б) айына бір рет кездесеміз;
- в) сирек кездесеміз;

Басқа _____

3. Немереңіздің тәрбиесіне қатысты оның ата-анасымен дау-дамайлар орын алған жағдайлар болды ма?

- а) үнемі;
- ә) сирек, тек жеке ұстанымдарым бойынша;
- б) жоқ, ешқашан.

Басқа _____

4. Егер тәрбие мәселесінде ата-ананың пікірі сіздің піріңізбен сәйкес келмеген жағдайда, сіз қалай әрекет етесіз?

- а) баламен қарым-қатынас жасауын шектеймін;
- ә) мұндай жағдай орын алмау үшін әңгімелесемін;
- б) әрқашан өз пікірімді айтамын;
- в) қарсы келмеймін, себебі бізде келіспеушілік жоқ;
- г) қарсы келмеймін, өйткені ата-анасы өзінің пікірінен бас тартпайды;
- ғ) бала тәрбиесімен ата-анасы айналысуы қажет.

Басқа _____

ӘЖЕЛЕР МЕН АТАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Құрметті әжелер мен аталар! Немерелеріңізді тәрбиелеуге қатысты сіздерге кеңестер ұсынылады.

1. Немерелеріңізге деген сүйіспеншілікті олардың қалағанын орындау, оларға қызмет ету деп қабылдамау.
2. Балаларға өзін-өзі тәрбиелеу үшін қажетті әрекеттерді өзіне орындату.
3. Оларға көп сыйлықтар беріп, орынсыз еркелетпеу.
4. Балаларға шектен тыс қамқорлық көрсетпеу.
5. Оларға өзіңіз, балалық шағыңыз, жұмысыңыз туралы жиі айту.
6. Балалармен сырыңызбен бөлісу.
7. Балалармен жиі әңгімелесу, оларға ертегілер оқып беру, бірге серуендеу.
8. Оларға сенімділік, жауапкершілік, еңбекқорлықтың үлгісін көрсету.
9. Немерелеріңізге өзіңізбен бірге еңбек етуге мүмкіндік беру.
10. Немереңізбен ересек адамдай сөйлесу.
11. Олардың әлі кіші екенін естеріне сала бермеу. Оларды өздерін ересек сезінетін әрекеттерге тарту.
12. Немерелермен қарым-қатынаста сыпайы және әдепті болу.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы).
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы)
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022 - 258 бет.
5. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырудың шарттары. «Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің ғасырлық тарихи шежіресі» атты Республикалық педагогикалық оқу. Қостанай. 2017.
6. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика – Алматы: Фолиант, 2008.

МАЗМҰНЫ

1.	Түсіндірме жазба	3
2.	Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін» «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру	5
3	Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін» ұйымдастыру бойынша ұсынымдар	6
4	Балабақшалар жанында «Әкелер мектебін» ұйымдастыру бойынша ұсынымдар	9
5	Қорытынды	12
6.	Қосымша	13
7	Қолданылған әдебиеттер	16

*Разработаны на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по организации «Школы бабушек», «Школы матерей», «Школы отцов» при детских садах: методические рекомендации. – Астана, 2024. – 33 с.

Рецензенты:

Абдыкадыров А. А., к.п.н.;
Бакитова М. Б., заведующая;
Сомшина А. Е., методист

В методических рекомендациях представлен материал по организации «Школы бабушек», «Школы матерей», «Школы отцов» при детских садах.

Данный методический материал предназначен для педагогов дошкольных организаций.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 3 от 23 апреля 2024 года).

Институт раннего развития детей, 2024 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Одним из важных аспектов профессиональной деятельности педагога, является активное взаимодействие с родителями (законными представителями) воспитанника.

Модернизация образования требует пересмотра системы работы с семьями воспитанников. Это в первую очередь обусловлено требованиями общества и теми изменениями, которые в нем происходят. С другой стороны это диктует сама специфика современной семьи, ее ценности и ориентиры.

